

Бұйрыққа қосымша  
«Солтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің ветеринария  
басқармасы» КММ «М.Жұмабаев  
ауданының ветеринариялық  
станциясы» ШЖҚ МҚҚ  
директоры  
«15» мамыр 2023 жыл №32 б



**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария  
басқармасы» КММ «М.Жұмабаев ауданының ветеринариялық  
станциясы» ШЖҚ МҚҚ-ның сыйбайлар жемқорлыққа қарсы  
комплаенс-қызметінің жұмысы туралы Ереже**

к. Булаев 2023 жыл

1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже (бұдан әрі - ереже) "СҚО әкімдігінің ветеринария басқармасы" КММ "М.Жұмабаев ауданының ветеринариялық станциясы" ШЖҚ МҚК (бұдан әрі – Ветеринариялық станция) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және Қазақстан Республикасы агенттігінің төрағасы бекіткен квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар негізінде, 2020 жылғы 30 желтоқсандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) жөніндегі Қазақстан (бұдан әрі-әдістемелік ұсынымдар) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыруға жәрдемдесу және "СҚО әкімдігінің ветеринария басқармасы" КММ "М.Жұмабаев ауданының ветеринариялық станциясы"ШЖҚ МҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыруда бірыңғай тәсілді қалыптастыру мақсатында әзірленді.

2. Осы ереже ветеринариялық станцияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің функцияларын орындастырып құрылымдық бөлімшелердің немесе адамдардың мақсаттарын, міндеттерін, қагидаттарын, функцияларын, өкілеттіктерін айқындауды.

3. Осы ережеде мынадай негізгі ұфымдар пайдаланылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – ветеринариялық станция мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) мұдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындауда және (немесе) тиісінше орындауда алып келуі мүмкін;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумактық бөлімшелері.

1. Ветеринариялық станцияда директордың бұйрығымен штаттық кестеге сәйкес негізгі міндеті ұйымда және оның қызметкерлерінде Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету болып табылатын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын орындастырын құрылымдық бөлімше немесе жауапты тұлға айқындалады.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындастырын жауапты тұлға ықтимал мүдделер қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.

2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функциясын ветеринариялық станцияның басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен ұштастыруға жол берілмейді.

## **2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері**

6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты квазимемлекеттік сектордың тиісті субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

1) ветеринариялық станция мен оның қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) ветеринариялық станция сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) ветеринариялық станцияда сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

5) "Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Занына (бұдан әрі-зан) сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

8. Ветеринариялық станция сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) басшылықтың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мұдделілігі;

3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

5) ветеринариялық станцияда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру.

9. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары:

1) ветеринариялық станцияның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдының ішкі саясаты;

2) ветеринариялық станцияның қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық;

3) ветеринариялық станцияның мұдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заннамаға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;

5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;

6) ветеринариялық станцияның қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;

1) корпоративтік әдеп пен мінезд-құлық мәселелерін регламенттейтін құжат;

8) ветеринариялық станциясы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, өндеуді, қорытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

9) "Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бүйріғымен бекітілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 14441) сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуі үйлестіреді;

10) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның және квазимемлекеттік сектор субъектісінің бірінші

басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін ветеринариялық станцияның қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;

11) ветеринариялық станцияда анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторингті жүзеге асырады;

12) ветеринариялық станцияда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

13) ветеринариялық станцияның қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

14) квазимемлекеттік сектор субъектісінің ұжымында жалпы қабылданған моральдық-әдеп нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

15) ветеринариялық станция қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен міnez құлыш мәселелерін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;

16) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құзыреті шенберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың Занда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;

17) ветеринариялық станцияның құрылымдық бөлімшелерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауына мониторинг өзірлейді және жүргізеді;

18) ветеринариялық станцияда сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

19) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

20) ветеринариялық станцияның сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және / немесе оларға қатысады;

21) ветеринариялық станцияның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

22) ветеринариялық станцияның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

23) ветеринариялық станцияның басшысына анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, ветеринариялық станцияның қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;

24) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, ветеринариялық станциямен қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және занды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды;

10. Өз қызметін жүзеге асыру қезінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет:

1) Егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, Ветеринариялық станция және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялышының сақтайды;

2) ветеринариялық станцияда Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыйбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексін және өзге де ішкі құжаттарды бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялышының қамтамасыз етеді;

3) ветеринариялық станцияның директорын Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;

4) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы жеткізеді;

5) ветеринариялық станцияның белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

11. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметкерлеріне:

1) алдыңғы үш жыл ішінде олар қатысқан процестерді тексеруге қатысуға;

2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай зиян келтіретін ретінде қабылданатын кез келген әрекетке қатысуға;

3) құпия ақпаратты жеке мүддеге пайдалануға;

4) іскерлік этика нормаларын бұзуға;

5) нәтижесінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптығына нұқсан келтіруі мүмкін не осындай залал келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдау және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға;

1) мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін тексерулерге.

12. Ветеринарлық станцияның басшылығы:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесу, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуі;

2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыру, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті дерекқорларға

қолжетімділікті) және өзге де тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен қамтамасыз ету;

3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметі, әлеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруі қажет.

13. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің ветеринарлық станцияның құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылды жұмыстағы өзара сыпайылық пен дұрыстық негізінде құрылады.

14. ветеринариялық станцияның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтіне келесідей жәрдемдеседі:

1) осы ереженің 9-тармағы 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;

2) анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;

3) туындастырылған мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу.

### **3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі**

1. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет тоқсан сайын қабылданған Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты ветеринариялық станцияда, Жоғары тұрған уәкілдегі органға – Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасына, сондай-ақ қажет болған жағдайда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілдегі органға жібереді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл жөніндегі уәкілдегі органның, сондай-ақ жоғары тұрған уәкілдегі органның-Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасының сұрау салуы бойынша ветеринариялық станцияда қабылданған Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жіберіледі.

2. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет ветеринариялық станцияның директорына мезгіл-мезгіл есеп береді.

Ветеринариялық станция директоры тарарапынан ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туындаған жағдайда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Заңының 24-бабы 1-тармағына сәйкес уәкілдегі мемлекеттік органдарға жүгінеді.

### **4.Корытынды ережелер**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің осы Ережемен реттелмеген мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.